

Түркі мемлекеттерінің басын біріктірген Халықаралық қазақ-түрік университетіне  
30 жыл!

ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

# Ясауи университеті

a.yassau@mail.ru

университет студенттерінің үні

№ 15 (528) 31 қазан 2022 жыл



## ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР, ҚЫМБАТТЫ ДОСТАР, СҮЙІКТІ СТУДЕНТТЕР!

### БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

#### УНИВЕРСИТЕТИМ - МАҚТАНЫШЫМ!

Мен намыстан өз армандарымды үстем қойдым. Осылайша елдің айтқан сөзімен емес көңілімнің қалауымен киелі Түркістан қаласына бет алдым. Бұл сәттерді естен шығару мүмкін емес. Арманымның биік шыңына айналған оқу ордасын өз көзіммен көріп, алға қойған мақсатыма жақындай бастағанымды сезіндім.

4-бетте

#### ӨРКЕН ЖАЙҒАН ОҚУ ОРДАМ

Таңғы самал лебімен әдеттегі уақыт бойынша университетке келдім. Сабақ басталды. Үйге берілген тапсырмаларды орындадық. Сабақ уақыты аяқталған соң жатақханаға қажетті құжаттардың қамына кіріспек болып ректоратқа келдім. ұстазымның уақыты бос болмай сағат 16:00-ге шақырған соң, кетуге оқталып сыртқа шыққаным сол еді, достарым сағат 15:00-де маңызды жиналыс болатынын ескертті.

5-бетте

#### ЕЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА

Тарих беттеріне көз салсақ, ата-бабаларымыздың болашақ Қазақ елі үшін қаншама қан мен терін төккені бәрімізге айдан анық. Ендігі кезекте болашақ қазақ елінің сара жолын салатын жастар. «Біз, жастарға сенеміз!» -деп бізге сенім артып кеткен ата-бабалардың үмітін ақтауымыз керек.

8-бетте

Баршаңызды ұлттық мереке 25-қазан – Қазақстан Республикасының күні мерекесімен құттықтаймын!

Осыдан 32 жыл бұрын, 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болатын. Сол сәттен бастап Қазақстан еңсесі биік, терезесі тең жеке мемлекет ретінде таныла бастады.

25 қазан – жақсылық пен қуаныштың, еркіндік пен елдіктің нышаны. Араға 13 жыл уақыт салып, биыл Республика күні - ұлттық мереке мәртебесін қайта алды. Бұл ел үшін маңызды шешім болды, бәріміз қуана қабылдадық. Мерекеге орай Қазақстанның түкпір-түкпірінде жоғары дәрежедегі шаралар өткізіліп жатыр. Біздің университетіміз де қалыс қалмай, Республика күніне орай бірнеше іс-шара ұйымдастырдық. Оқу орнымыздың ұжымы мен студенттері бірлесіп, арнайы мерекелік концертті, кітап көрмесін және түрлі байқауларды өткізді. Ұлттың тұтастығын нығайтып, рухани байлығы мен патриоттық сезімін күшейтетін осындай мерекелер көбейе берсін!

Баршаңызға егемен ел атанған күніміз тағы да құтты болсын! Көк байрағы желбіреген, абыройлы да айбынды, беделді де берекелі, ынтымағы мен бірлігі жарасқан еліміздің тәуелсіздігі баянды болғай! Аспанымыз ашық, көңіліміз шат, еңбегіміз жемісті болуын тілеймін! Болашағымызға көпір болатын жастарымыз аман болсын! Сүйікті Отанымыз — Қазақстан көркейіп, нығая берсін!

Жанар ТЕМІРБЕКОВА,  
ХҚТУ ректоры



## 31-ҚАЗАН – УНИВЕРСИТЕТ КҮНІ!

31-қазан – университет күні. Аталған маңызды дата Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің №3 Сенат мәжілісінде қабылданған болатын. Оқу орнымыздың іргетасы 1991 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен Түркістан мемлекеттік университеті болып қаланды.

Ал, 1992 жылы 1 мамырда Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев пен Түркия Республикасының Премьер-Министрі Сүлеймен Демирелдің келісімі нәтижесінде «Халықаралық университет» мәртебесі берілді.

Сол жылғы 31 қазанда Анкарада Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы Үкіметтері арасында осы оқу орнын «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті етіп қайта құру туралы» келісімге қол қойылды. Осылайша, университетіміз – Қазақстандағы ең алғаш ашылған халықаралық жоғары оқу орны, түркі тілдес мемлекеттер арасында халықаралық мәртебеге ие болған, түркі әлемі жастарының басын біріктірген бірінші білім және ғылым ордасы атанды. Биыл түбі бір түркі әлемінің білім ордасына – 30 жыл! Айтулы мерейтой университетімізде жоғары деңгейде аталып өтуде. Осы 30 жыл ішінде Халықаралық университет қабырғасынан тоқсан мыңға жуық түлек бітіріп шықты. Бүгінгі таңда түркі әлемінің жастарына, ұлттық рухани сана-сезімі жоғары, қоғам алдында жауапкершілікті сезіне алатын, ынтымақтастық пен адам құқықтарын құрметтеудің маңыздылығын түсінетін халықаралық стандарттарға сай озық білім берілуде. Терең тарихтан жарқын болашаққа бастайтын университетіміздің күні құтты болсын!





## ОҚУ ОРДАМЫЗҒА - 30 ЖЫЛ!

## АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде ҚР Парламенті Сенатының депутаттары, «Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті» мүшелері Нариман Төреғалиев, Бақытжан Жұмағұлов, Динар Нөкетаева және Айгүл Қапбаровамен кездесу өтті.

Өңірімізге арнайы іс-сапармен келген халық қалаулылары алдымен оқу ордамыздың Клиника-диагностикалық орталығының жұмысымен танысты. Онда соңғы үлгідегі заманауи құралдармен жабдықталған бөлімдерді аралады. Клиника жұмысымен танысқан депутаттар: «Медицина саласына қажетті мамандар дайындап, қаншама тұрғынға лайықты түрде қызмет көрсетіп жатқандарыңыз үшін алғысымызды білдіреміз», - деді.

\*\*\*

Оқу ордамызда Түркия Республикасы күні тойланды.

Түбіміз бір түрік бауырларымыздың республика күнін тойлап келе жатқанына, биыл – 99 жыл. 1923 жылы қазан айының 29-шы жұлдызында ел президенті Мұстафа Кемал Ататүрік Ата заңға үлкен өзгеріс енгізіп, Түркия Республикасы құрылғанын жариялады. Түркияның «Республика күні» - біздің халықаралық қазақ-түрік университеті үшін де маңызды күн. Университет ашылғалы бері бұл мерекені біздің ұжым түркиялықтармен бірге атап өтіп келеді. Бүгін де оқу орнымызда Түркия Республикасы күніне орай мерекелік концерт өтті. Жиын азаттық жолында құрбан болған ерлерді үнсіздікпен еске алып, екі елдің әнұранын шырқаудан басталды.

Университет ректоры Жанар Темірбекова мен ректор өкілі Женгиз Томар Түркия елінің азаматтарын айтулы мерекемен құттықтап, ақ тілегін арнады.

\*\*\*

Университетімізде Республика күніне орай «БОЛАШАҚ БІЗДІҢ ҚОЛЫМЫЗДА» тақырыбындағы ғылыми-практикалық конференция өтті. Аталған шараға оқу ордамыздың оқытушылар құрамы мен білімгер жастар қатысты.

\*\*\*

Республика күніне орай Университетте Ғылым департаменті және Коммерцияландыру офисінің ұйымдастыруымен «Ғылыми жетістіктер мен коммерцияландырудың нәтижелері» атты көрме өтті.

Көрмеде соңғы бес жылдағы университеттің ғылым саласындағы жетістіктері көрсетілді. Онда, орындалған және жүзеге асырылып жатқан гранттық жобалардың жетістіктері, ғалымдардың жарияланған монографиялары, кітаптары, оқулықтары, жинақтары, авторлық куәліктері, патенттері, Университеттің «Түркология», «Ахмет Ясауи университетінің Хабаршысы» және «Eurasian Research Journal» атты журналдары көпшілік назарына ұсынылды. Сондай-ақ, археологиялық қазба жұмыстары барысында анықтаған заттай ескерткіштер, төсенішке ванадий оксидтерін магнетронды тұндыру және золь-гель техникасы әдістерімен көлемі 50 см<sup>2</sup> шыны өткізгіш төсеніште эпитаксиальді өсірілген композиция үлгілері көрсетілді.

\*\*\*

Қарағанды облысы Теміртау қаласында Самбо күресінен 23 жасқа дейінгі ерлер мен әйелдер арасындағы ҚР чемпионаты өтті. Аталған балуандар бәсекесіне оқу ордамыздың намысын қорғаған самбошыларымыз жалпы командалық есепте 1 орынды иеленіп, көш бастады.

ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ  
ОРТАҚ ОҚУ ОРДАСЫ

Университетімізде Түлектердің I-ші форумы болып өтті. Оқу ордамыздың 30 жылдығы мерейтойына арналған форум «Терең тарихтан - жарқын болашаққа!» - деп аталды. Университет іргетасын қалаған ректор Мұрат Жұрынұлы және қазіргі ректор Жанар Темірбекова, БАҚ өкілдерінің қатысуымен өткен брифингпен форум шымылдығы түрілді. Салтанатты шараға ардагер ұстаздар, экс ректорлар келді. Университетті тәмамдаған 90-мыңға жуық түлектен ел ағасына айналғандары, кіл мықтылары жиналды.

Келген қонақтар университеттің музейімен танысып, «Тарих — ғасырлар



күесі» атты шығармашылық фотокөрмені тамашалады. Оқу орнымызда ұзақ жылдар қызмет еткен фотограф Ораз Назаров пен Медиа және PR орталығы маманы Нахып Шынтеміровтың суреттері өткен күндерге саяхаттауға мүмкіндік берді. Ұшқан ұясына деген зор сағыныш түлектердің әрбір ісінен, жүрген жүрісінен, сөйлеген сөзінен аңғарылып тұрды. Әр



басқан ізі, еткен еңбектері том-том болып ойына оралған ардагер ұстаздар ішкі толқыныстарын жеткізіп, жиылған көпшілікті құттықтады. Мәдениет сарайын Мұрат Жұрыновтың атымен атау жөнінде ұсыныстарын жеткізді. Тарихы терең университеттің мақталық орнынан бой көтеруіне үлкен үлес қосқан тұңғыш ректордың ерен еңбектері туралы, көз-көрген әріптестері қайта-қайта айтудан жалықпады. Университет түлегі, Астана қаласының әкімі Алтай Көлгінов құттықтау сәлем хатын жолдаса, университетімізде ректорлық қызмет атқарған Болатбек Әбдірасилов сый тарту етті. Уни-



## 30 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫН ТОЙЛАДЫ



верситет түлегі айтыскер ақын Бекарыс Шойбеков келіп, қара өлеңмен шашу шашты. Сиднейде Қазақтың көк туын желбіреткен Бекзат Саттархановтың анасы жүрекжарды тілегін арнап, Мұрат Жұрынұлына алғысын білдірді. Марқұм болған қызметкерлерді еске алу және университет танытым видеоролигі көрсетілді. Қонақтар мен түлектерге арналған «Тұран асханасындағы» түскі астан соң, «Ізгілік ізі - тазалық» және «Түркі әлемінің экономикалық интеграциясы» атты дөңгелек үстел, «Ұшқан ұяға тағзым», шеберлік сыныбы «Дикция және сөйлеу техникасы» тақырыбында тренинг жұмыстары, дебаттар мен семинарлар жүргізілді. «Ясауиден шапағат – дәрігерден ұстаздарға махаббат» медицина мамандығы түлектерінің университет қызметкерлеріне деген тегін диагностикалық көмегі көрсетілді. Университет кітапханасы түлектер кітабымен толықты. Атап айтсақ, 1995 жылғы түлектер Айтжанов Алдаш пен Айгүл Сағымбай, 1999 жылғы түлек Бекжан Есенбаев және 1997 жылғы «Заң» факультетінің түлектері оқырмандарымыз үшін кітапхана қорына қажетті кітаптарды тарту етті. Ал университет электронды «Ясауи университеті» газетінің мерекелік санын ба-спадан шығарып, қонақтарымызға таратты. Түлектердің қатысуымен ұйымдастырылған концерт көрермен көңілінен шықты. Форумда еңбегімен еленген қарт ұстаздар және түлектер университеттің «30 жылдық» төсбелгісімен марапатталды. Тұңғыш ректор Мұрат Жұрынұлына шапан кигізіліп, «университеттің құрметті профессоры» атағы берілді. Форум соңы банкетке ұласты.





## СТУДЕНТ ЖАЗБАЛАРЫ



## УНИВЕРСИТЕТИМ - МАҚТАНЫШЫМ!

2021 жылғы жаз айы. Мектеп түлегі атанған мен өмірімнің келесі кезеңін қайда, қалай өтуін жоспарлап отырған күндер еді. Ғаламтор желісімен достасып ең керемет жоғарғы оқу орындарын іздестіре бастадым. Кенеттен ғаламторда Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті жайындағы мақалаға көзім түсті. Киелі Түркістанда орналасқан бұл оқу орыны мені өзіне баурап алды. Ең ерекше қызықтырған мәлімет бұл оқу орыны төрт тілде білім беретіні, университет студенттерін көптеген мемлекеттерге бір семестр білім алуға жіберетіндігі болды. Осылайша қайтсем де, Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің студенті атандым. Алайда 2020 жылы дүние жүзі бойынша тараған аурудың себеп салдарынан мен Өзбекстан елінен Қазақстан жеріне бара алмадым. Лаулап жанған арманым бір сәтте күлге айналды. Амал қанша... Өз елімдегі университеттерге оқуға түсуден басқа жол жоқ. Намысым қалайда оқуға түсіп, қолыңа диплом алуың керек десе, жүрегім өз арманымнан бас тартпауға үндейтін. Мен намыстан өз армандарымды үстем қойдым. Осылайша елдің айтқан сөзімен емес, көңілімнің қалауымен киелі Түркістан қаласына бет алдым. Бұл сәттерді естен шығару мүмкін емес. Арманымның биік шыңына айналған оқу ордасын өз көзіммен көрген сәтте, алға қойған мақсатыма жақындай бастағанымды сезіндім. Университет алдындағы қолына сөмке ұстаған студенттерге қызығып та қызғанада қарадым. Арадан уақыт өте университетке құжаттарымды тапсырдым. Осылайша мен де университет студенті атандым. Бұл сезімді сезіну үшін бір жыл ішінде қаншама оқиға куәсі болдым. Ал қазір басымнан өткен жағдайларды күліп есіме аламын.

Ардақты досым! Мен қаншама қиыншылықтарға төзе білген екенмін. Демек сен де төзе аласың. Көңілің солған гүлдей солмасын. Еңсеңді биік ұста. Өзгелер орындаған амалдар сенің де қолыңнан келеді. Ең бастысы өмір дейтін ағысқа қарсы тұра білсең болғаны. Өз өміріңді өзің өз қолыңмен өзгерте аласың. Мен саған сенемін...



Әсел ӘБИЛОВА,  
1-курс студенті

## üniversitemle gurur duyuyorum

Üniversiteye ilk geldiğim gün çok heyecanlıydım bu zamana kadar sadece tarih derslerinde, internette ve televizyonda gördüğümün ata yurduna gelmişim burada sadece kazaklar değil bütün türk soyundan olan öğrenciler vardı bunları düşününce heyecanım git gide artıyordu ilk gün üniversiteyi biraz gezdim ve cidden herkesin farklı bir türk ırkından olduğunu kendi gözlerimle gördüm burada olmak beni çok mutlu etmişti üniversiteyi gezdikten sonra binaların yerlerini öğrenmeye başladı türkiyedeki kadar karışık değildi ve bu benim için çok iyiydi çünkü kazakça bilmediğim için kaybolursam birinden yardım isteyemeyecektim ama beni yolda görüp benimle türkçe konuşan öğrencileri gördüğümde mutluluğum katlanarak arttı üniversiteyi ve şehri çok sevmişim ve ilk anki beni korkutan düşüncelerimin hepsi bir iki saattin içinde yok olup gitmişti.

Озкан ЮНУС,  
1. sınıf öğrencisi



## БІЛІМ АЛУҒА МОЛ МҮМКІНДІК БЕРІЛГЕН

Мектеп бітірушінің көптен күткен сәті - университетте білім алу. Сол сәтке мен де келіп жеттім. Менде алғашында қорқыныш болды. Себебі студент өз-өзін қалай ұстау керек, неге назар аударуы тиіс, жанымда жүретін қатарластарым қандай болады деген ойлар маза бермеді. Студенттік өмірімнің алғашқы күні де келіп жетті. ХҚТУ-ға келген кездегі алғашқы әсерімді ұмыту мүмкін емес. Қызықты сәттер өте көп болды. Жаңа орта, жаңа жер, бірге оқитын студенттердің қандай талантты екенін көріп, біле бастадым. Қатты танғалғаным университеттің студенттерге көптеген мүмкіндіктердің беруі.

Ерікті клубтар өте көп. Ең бастысы қосымша тіл үйрету курстары бар екен. Егер де студент басқа да тілдерге қызықса барып үйренуге болады. Тілді үйретіп қана қоймай сізге сертификат береді. Соның арқасында сіз өзіңіз үйірме ашып жұмыс жасай аласыз. Оқу ордасында білім аламын деген әрбір жасқа мол мүмкіндіктер берілген. Әлі де естіп, көретін затым өте көп сияқты. Бұл тек бастамасы ғана.

**Сабина ДАДАХАНОВА,**  
1-курс студенті

## АЛҒАШҚЫ ӘСЕР

Алғашқы әсерге сенуге бола ма?! Бұл алдамшы ма, керісінше - ең дұрыс жол ма? Бұл сұрақтарға ешкім нақты жауап бере алмайды. Атап айтқандай, бәрі адамның өзіне, оның сипаты мен даму дәрежесіне байланысты. Біреуге кез-келген құбылысты бағалау үшін бір көзқарас жеткілікті, ал біреу асығыс қорытынды жасауды ұнатпайды. Мен де өзім білім алып жүрген оқу ордасынан алған әсерім керемет күйге бөлейді. Жанға жайлы жатақхананы, әсем кампустарды көрген сәтте, арманымның адастырмағанын ұқтым. Өмірдің жаңа кезеңіне қадам бастым. Сондықтан мен алдан әлі де ең жарқын әсерлерді күтемін. Осы жерде өз кәсібімді табуға үміттенемін. Мұғалімдер материалды өте жақсы айтады және

түсіндіреді. Сондай-ақ, менің студенттік өмірім тек партада және кітапханада ғана емес, сонымен қатар ЖОО өткізетін түрлі іс-шараларда өтетінін түсіндім. Алғашқы екі күн қызықты және оқиғаларға толы болды: және менің студенттік өмірімді соншалықты бай ету мүмкіндігі тек өз қолымызда екенін сезіндім, бұл іске тек шығармашылықпен және тілекпен қарау керек.

**Чынара ИХТИЯР ҚЫЗЫ,**  
1-курс студенті

## ӨРКЕН ЖАЙҒАН ОҚУ ОРДАМ

Студент атанғанға дейін Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін тек сырттай бақылап жүрдім. Бірақ, айым оңынан туып оқу орнын көзбен көру бұйырды. Мамыр айында сыныптастарымызбен Түркістан қаласына саяхаттау мақсатымен жол тарттық. Дәл осы кезге дейін Түркістан қаласына ат басын арнайы бұрып, табан тіремеген екенмін. Жаңа шаһардың бейнесін көргенде таңқалдым. Ең маңыздысы осы уақытқа дейін тек сырттай зерттеп жүрген университетімді көзбен көрдім. Көк аспанға бой тіреген туымызды көргенде жоғарғы оқу орнының сыртқы көрінісі таңдай қаққызбай қоймады. Бойымды патриоттық сезім билеп алды. Қазынаға толы кітапхана да көзге түспей қоймас.

Ең қызығы менің бұл оқу орнына деген қызығушылығымды оятқан пойыздағы аға еді. Павлодар қаласынан жүлделі келе жатқан мен купеге кірдім, қасымызға бір отбасы жайғасты. Жол ұзақ, әңгіме көп. Міне, сол ағам осы ХҚТУ-дың медицина факультетінің түлегі болып шықты. Болмысына, сөзіне қарап университеттің мықтылардың ордасы екеніне көзім жетті. Киелі жердің төрінен орын алған бұл жоғарғы оқу орны менің де жүрегімнен орын алды. Таңғы самал лебімен әдеттегі уақыт бойынша университетке келдім. Сабақ басталды, үйге берілген тапсырмалар орындалды. 28-ші қыркүйек. Күнтізбем бойынша сабақ уақыты аяқталған соң жатақханаға қажетті құжаттардың қамына кіріспек болып ректоратқа келдім. Эдвайзерімнің уақыты бос болмай сағат 16:00-ге шақырған соң, кетуге оқталып сыртқа шыққаным сол еді, достарым сағат 15:00-де маңызды жиналыс болатынын ескертті. Сұрастыра келе университет ректоры Жанар Темірбекованың 2021-2022 оқу жылында атқарылған іс-шаралар туралы есеп беру жиналысы екенін білдім. Ести сала қызығушылық танытып минут санай бастадым. Үшке 20 минут қалғанда мәдениет сарайының үлкен залына кірдім. Алғаш көруім болғандықтан залдың ішкі көрінісі ерекше ұнады. Алдыңғы қатарларға арнайы келген қонақтар, университет оқытушылары, профессорлары жайғасты. Сахнада үлкен лэд экран. Және Жанар Темірбековаға арнайы қойылған микрофонды үстел. Сағат үш болды. Көптен күткен жиналыс басталды. Құрмет-қошемет көрсетіліп Жанар ханым ортаға шықты. Сөйлей бастаған

сәтте ректордың сөзге сауатты екенін аңғардым. Екі көзім сөйлеуші мен қатар лэд экранда. Көрсетіліп жатқан жұмыс нәтижелері көңіл қуантады. Биылғы оқу жылындағы жетістіктер, жаңарған жатақхана, университеттің қызғалдағы, оқуға түскен студенттер рейтингісі, білім саласы бөрі-бөрі мақтанарлықтай. Ең қызығы "Webometrics Ranking of World Universities" рейтингінде университет әлемдегі жоғары білім беру ұйымдары арасында 2020 жылы 7755-ші орынға, 2021 жылы 5935-ші орынға көтерілген. Ал Қазақстандағы жоғары білім беру ұйымдары арасында 18-ші орыннан 2021 жылы 12-ші орынға табан тірепті. Жиында белгілі спортшы Бекзат Саттархановтың анасы сөз сөйледі. Сонымен қатар сыйлы қонақтар, қарттар да сөз алды. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні: осындай есеп берулер жиі болса халықтың да атқарылып жатқан істің нәтижесі боларына көзі жетер еді. Бұл жиналыс тек атқарылған істің көрсеткіші ғана емес, ректор мен жиылған қауым арасындағы байланыстың артуына да себеп болды.

**Әсел МЕДЕУ,**  
1-курс студенті





## ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ



### AHMET YESEVI ULUSLARARASI TÜRK- KAZAK ÜNİVERSİTESİNDE CUMHURİYET BAYRAMI COŞKUyla KUTLANDI



Ahmet Yesevi Üniversitesinde Cumhuriyet Bayramı, 28.10.2022 Cuma günü, Cumhuriyetimizin 99. yıl dönümü münasebetiyle düzenlenen törende coşkuyla kutlandı. Tören programı, saygı duruşu ve ardından her iki ülkenin millî marşlarının okunmasıyla başladı. Açılış konuşmaları, Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektörü Dr. Zhanar TEMİRBEKOVA ve Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz TOMAR tarafından yapıldı. Tören, Cumhuriyet Bayramı'nın anlam ve önemini anlatan video gösterimiyle devam etti. Türk Dünyası Halk Oyunları Gösterileri ve Cumhuriyet Bayramı Konseri ile sona eren törende kapanış toplu anı fotoğrafı çekimi ile yapıldı.

### AHMET YESEVI ÜNİVERSİTESİNDE “ULUSLARARASI AKADEMİK YAYINCILIK VE FOLKLOR/ EDEBİYAT DERGİSİ” KONULU KONFERANS DÜZENLENDİ

Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkoloji Araştırma Enstitüsünün düzenlediği “Perşembe Konuşmaları” seminer dizisinin 27 Ekim 2022 Perşembe günü saat 17.00’de çevrim içi olarak gerçekleştirilen programının konusu “Uluslararası Akademik Yayıncılık ve Folklor/Edebiyat Dergisi” başlıklı sunumuyla Uluslararası Kıbrıs Üniversitesi Öğretim Üyesi Prof. Dr. Metin KARADAĞ oldu.

Konuşmasına bilimsel yayın hazırlama süreciyle başlayan Karadağ, bilimsel/ akademik kavramlarının ne anlama geldiğini üç basamakta anlattı. 20. yüzyılda makalelerin yavaş yavaş kitapların yerini almaya başlamasıyla birlikte dergicilik faaliyetlerinin de hız kazandığına değinen Prof. Dr. Metin KARADAĞ, Türkiye’deki akademik yayınların bir analizini yaptıktan sonra “Folklor/ Edebiyat Dergisi”nin yayın hayatındaki tarihî serüveninden bahsederek bundan sonraki hedeflerinden birinin konu odaklı özel sayılar çıkarmak olduğunu altını çizdi. Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkoloji Araştırma Enstitüsü Müdürü Prof. Dr. Bülent BAYRAM’ın yönlendiriciliğinde gerçekleştirilen, Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Vekili Sayın Prof. Dr. Cengiz TOMAR’ın, çeşitli üniversitelerden ve üniversitemizden akademisyenler ile öğrencilerin katıldığı konferans; soru-cevap bölümünün ardından konuşmacıya teşekkür belgesinin takdimiyle sona erdi.

### “TÜRK DÜNYASININ 2040 VİZYONU” ÇALIŞTAYI AÇILIŞ OTURUMLARI GERÇEKLEŞTİRİLDİ

Türk Dünyasının Vizyonunu belirleyecek önemli adımlardan birisi olan Türk Dünyasının 2040 Vizyonu Çalıştayı Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkistan Kampüsünde başladı.

Prof. Dr. Cengiz TOMAR (Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi Rektör Vekili), Dr. Janar TEMİRBEKOVA (Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi Rektörü), Prof. Dr. Birol ÇETİN (Türk Tarih Kurumu Başkanı), Prof. Dr. Muhittin ŞİMŞEK (Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı), Ömer Kocaman (Türk Devletler Teşkilatı Genel Sekreter Yardımcısı), İkrım ADYRBEK (Aksakallar Konseyi Üyesi) sırasıyla konuşmalarını gerçekleştirdiler. Açılış konuşmaları sonrasında Prof. Dr. Muhittin ŞİMŞEK, Ömer Kocaman ve İkrım ADYRBEK Türk Dünyasının 2040 Vizyonu hakkında ortak oturum gerçekleştirdi. Çalıştayda Tarih, Siyasi-Uluslararası İlişkiler, Enerji, Ekonomi, Hukuk, Sağlık, Dil, Turizm, Edebiyat ve Sanat konularında 9 oturum gerçekleştirilecektir.





## TÜRK DEVLETLER TEŞKILATI, AKSAKALLAR KONSEYİ BAŞKANI SAYIN BINALI YILDIRIM'IN HİMAYELERİNDE GERÇEKLEŞTİRİLEN "TÜRK DÜNYASININ 2040 VIZYONU" ÇALIŞTAYI TAMAMLANDI

Türk Devletler Teşkilatı, Aksakallar Konseyi Başkanı Sayın Binali YILDIRIM'ın himayelerinde gerçekleştirilen ve Türk Dünyasının Vizyonunu belirleyecek önemli adımlardan birisi olan "Türk Dünyasının 2040 Vizyonu" Çalıştayı 22-23 Ekim

2022 tarihleri arasında Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkistan Kampüsünde yapıldı.



Çalıştayda, Prof. Dr. Cengiz TOMAR (Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi Rektör Vekili), Dr. Janar TEMİRBEKOVA (Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi Rektörü), Prof. Dr. Birol ÇETİN (Türk Tarih Kurumu Başkanı), Prof. Dr. Muhittin ŞİMŞEK (Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı), Ömer Kocaman (Türk Devletler Teşkilatı Genel Sekreter Yardımcısı), İkram ADYRBEK (Aksakallar Konseyi Kazakistan Üyesi) sırasıyla konuşmalarını gerçekleştirdiler.

Açılış konuşmaları sonrasında Prof. Dr. Muhittin ŞİMŞEK, Ömer Kocaman ve Dr. İkram ADYRBEK Türk Dünyasının 2040 Vizyonu hakkında ortak oturum gerçekleştirdi.

Çalıştayda; Azerbaycan, Kazakistan, Kırgızistan, Özbekistan ve Türkiye'den çok sayıda bilim adamı Tarih, Siyasi-Uluslararası İlişkiler, Enerji, Ekonomi, Hukuk, Sağlık, Dil, Turizm, Edebiyat ve Sanat konularında 9 oturum gerçekleştirilerek Türk Dünyasının 2040 Vizyonunun belirlenmesinde önemli rol üstlendiler.

Çalıştay son oturumun ardından düzenlenen kapanış töreniyle sona erdi.


## AHMET YESEVİ ÜNİVERSİTESİ TÜRKOLOJİ ARAŞTIRMA ENSTİTÜSÜNDE "ARKEOLOJİK VERİLERE GÖRE EN ESKİ TÜRKİSTAN'IN TARİHİ COĞRAFYASI" VE "ESKİ ÇİN KAYNAKLARINDA TÜRKİSTAN" KONULU KONFERANSLAR DÜZENLENDİ

Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkoloji Araştırma Enstitüsünün ev sahipliğinde davetli konuşmacılar İstanbul Üniversitesi Öğretim Üyesi Doç. Dr. Kürşat YILDIRIM ve İstanbul Aydın Üniversitesi Öğretim Üyesi Doç. Dr. Elvin YILDIRIM konuk edildi.

"Arkeolojik Verilere Göre En Eski Türkistan'ın Tarihi Coğrafyası" başlıklı sunumunda Doç. Dr. Elvin YILDIRIM, Türkistan coğrafyasındaki en eski maddi kültür kalıntıları üzerine değerlendirmelerde bulundu. Türk tarihinin erken dönem kalıntıları üzerine çalışmalardan, mezar envanterlerinden bahseden konuşmacı maddi buluntuların da birer belge olarak kabul edildiğinde Türkistan'ın sınırlarının daha geniş bir biçimde çizilmesinin mümkün olduğuna dikkat çekti. Bu veriler ışığında hazırlanan orijinal haritalardan görseller sunan Doç. Dr. Elvin YILDIRIM, tüm maddi kültür unsurlarının MÖ 3000 yılından itibaren ilgili coğrafyada görülen konargöçer halkların Türklerin ataları olduğunun altını çizdi. Doç. Dr. Kürşat YILDIRIM ise "Eski Çin Kaynaklarında Türkistan" başlıklı sunumunda Çin kaynaklarında Çince Türkistan kelimesine rastlanmadığını bunun sebebinin ise Çincenin yapısal ve fonetik özelliklerinden kaynaklandığını dile getirdi. İlk Çin kaynaklarında "Batı toprakları" anlamına gelen "xiyu" adının yaklaşık 2000 yıl kullanıldığını 17-18. yüzyıldan sonra ise "xinjiang" adının geçmeye başladığını ve bu adlandırmanın bugün Doğu Türkistan için hâlâ kullanıldığını belirtti. Çinliler için uzun yıllar boyunca Yeşimtaş Kapısı'nın batısı Türkistan olarak görülüyordu diyen Doç. Dr. YILDIRIM, 1777 yılında yayımlanan "xiyu wenjan lü" adlı kaynakta xinjiang'ın

sınırlarının belirtilerek Tanrı Dağları'nın merkeze alındığı bir tablonun çizildiğini anlattı. Konuşmacı, Çin için Türkistan'ın tarih boyunca "Çinli olmayanların yurdu" olarak kabul edildiğinin altını çizdi.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkoloji Araştırma Enstitüsü Müdürü Prof. Dr. Bülent BAYRAM'ın yönlendiriciliğinde gerçekleştirilen ve Üniversitemiz akademisyenlerinin katıldığı konferanslar; soru-cevap bölümünün ardından konuşmacılara teşekkür belgelerinin takdimiyle sona erdi.





## СТУДЕНТ ПІКІР АЙТАДЫ...

## ЕЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫ - ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА!

Қазақ халқының басынан талай қиын нәубеттің, зұлматтың қайғылы күндердің болғаны тарихтан белгілі. Ғасырлар қойнауынан сыр іздесең небір ұлылықтың қайнарына қанып шығасың. Ұлы болу, ұлылыққа қол жеткізу жанкешті еңбекпен, азапты күндер мен түндерден тұратынын пайымдайсың. Ұлылар жан тыныштығын сезінді ме екен? Осы бір сұрақ еріксіз санаңды түрткілейді. Өз парасат, пайымыңмен ғана бағамдайсың. Өттең-ай сол тұлғалар жан кешті еңбектерінің қызығын сезінбеді-ау... Әрине, көңіліңе кірбің түседі, өкіндіреді. Бірақ, бір нәрсеге ғана сүйеніш етесің, ол-ұлылардың еңбегінің жемісі бүгінгі-Тәуелсіздік! Мен тәуелсіз елдің бүгінгі ұрпағы ретінде тәуелсіз елім туралы қалам тербеп көрейін.

Тарих беттеріне көз салсақ, ата-бабаларымыздың болашақ Қазақ елі үшін қаншама қан мен терін төккені бәрімізге айдан анық. Қазақстан қазіргі таңға дейін қаншама жетістікке қол жеткізді, әлі де биік-биік асуларды бағындырып келеді. Бұл Елбасының ерең еңбегінің жемісі десекте артық айтқанымыз емес. Мен бүгінгі таңда Қазақстанның болашақ тағдыры, жастардың қолында. Бұлай деуге себеп; біріншіден, көзі ашық, көкірегі ояу, нақтылай келетін болсам, жаңаша ойлар, жаңа идеялар, жаңа жоспарлар, жаңа бағыттарды ойлап таба алатын жас буындар. Қазіргі таңда біліммен сусындап, терең білім қазынасын ақтарып, іздеп жатқан жастар деп білемін. Тек қана елдің болашағы жастармен шектелмейді, Қазақстанның болашақ тағдыры, жүрегі қазақ деп соғатын, әрбір қазақтың қолында. Елбасымыздың «Нұрлы жол-болашаққа бастар жол», «Рухани жаңғыру», «Қазақстан әлемнің ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіру», «Қазақстан әлемнің бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру» осы жолдаулары елдің болашағына оң әсер беретініне сенім мол. Біздің еліміздің болашағы жастар демекші; қазіргі күннен бастап



келешек ұрпағымыздың дені сау болып дүниеге келуін, отбасының жылулығына бөленіп өсуін, білімі терең, елін, жерін сүйетін азаматты тәрбиелеуіміз керек. Себебі, отбасының тәрбиесімен нәрленген, мейірім мен махаббатына бөленген бала дәл отбасы секілді Отанын да сүйетін, құрметтейтін, өзінің ақтық демі қалғанша елінің болашағы үшін күресетін азамат болатынына сенімдімін. Менің ойымша әр адам үшін елдің болашағын ойлау, сол үшін еңбек етіп, күш жұмсау

әрбірінің міндеті деп санаймын. Неліктен? Себебі, аталарымыздың ізі қалған, қаны сіңген, әжелеріміздің жасы төгілген, Алтайдан Атырауға дейін созылып жатқан, ұлан байтақ қазақ жерін, қазақ елін бізге табыстаған, біздің ұлыларымыздың мұрасы. Ал біз сол сыйға тартқан мұрамыз үшін күресе алмай, қорғай алмай, биікке көтере алмай әр қазақ үшін ұят нәрсе.

Ойландық. Толғандық. Сараладық. Сол арқылы ой түйдік. Ол ой-ұлылардан ұлағат алдық дейміз. Өттең-ай жеріне жеткізе алмай, жүрміз-ау деген өкінішті жоққа шығара алмаймыз. Сайын дала төсінде кімдер ат шалдырмады, кімдердің ізі қалмады десеңші?! Дала төсінің тарихында ерлік пен есімін жазған жаужүрек батырларда, төрт сөзбен түйін түйген данагөй шешендерде, шанағынан күмбірлетіп күй төккен дәулеткер күйшілерде, жағын ашса жыр төгілген жыршыларда, халықты бір тудың астына жинаған хандарда елдің болашағын ойлап өтті-ау бұл жалған дүниеден. Ендігі кезекте болашақ қазақ елінің сара жолын салатын жастар. «Біз жастарға-сенеміз» деп бізге сенім артқан ата-бабаларымыздың үмітін ақтауымыз керек.

Асылай САЙРАМБАЙ,  
2-курс студенті

## ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСЫМЫЗДЫҢ НЕГІЗІ - ҚАСТЕРЛІ ТІЛІМІЗ!

Мемлекеттік тіл - егемен еліміздің негізгі рәміздерінің бірі. Кез-келген өркениетті елдің өзінің рәміздері, шекарасы болатыны секілді мемлекеттік тілі де болады. Демек, мемлекеттік тіл де - мемлекетіміздің негізгі атрибуттарының бірі. Біздің Ата Заңымызда "Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі- қазақ тілі"-деп жазылған. Әрбір Қазақстандық Ата заңымыздың талаптарын орындауға тиіс. Тіл ұлт пен ұлтты жақындастыратын ең үлкен қатынас құралы. Елбасымыздың жолдауында: «Тілге деген көзқарас, шындап келгенде елге деген көзқарас екені даусыз. Сондықтан, оған бей-жай қарамаймыз. Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәнінде мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, елімізді Қазақ мемлекеті деп атайтын боламыз» - деген болатын. Үш тілді білім деңгейіне өту мәселесінде Елбасымыз қазақ тілінің басымдығын сақтай отырып, оның әрі қарай дамуына зор көңіл бөлу керектігін атап өткен болатын.

Мемлекеттік тіл тәуелсіздігіміздің жырын жырлап, бұғанасын қатайтты. «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын

нәрсенің ең қуаттысы-тіл» - деген Ахмет Байтұрсынұвының қасиетті қағидасына сүйенсек, Ата Заң аясында бақ-берекетіміздің сақталып отырғаны тіл саясатында дұрыс жүргізудің жемісі екені анық. Тіл-халық қазынасы, ұлттың жаны.

Қазақ пен қазақтың, әке мен баланың, әріптестердің жұмыста қазақ тілінде сөйлеспеуі көңілге қонымсыз жайт. Қазақстанда тұратын, оны Отаным деп қабылдайтын, өзін Қазақстанның патриотымын деп есептейтін азаматтардың тілі. Ғалам көз ілеспес жылдамдықпен дамып жатқанда мемлекеттік тілмен қатар шет елдердің де тілін жете меңгеру әр қазақстандықтың күн тәртібіндегі мәселе болғаны абзал. «Өзге тілдің бәрін біліп, өз тілімізді құрметтесек», тіліміздің мәртебесін асыруды әрбір жан мықтап қолға алса, еліміз гүлденіп Отанымыздың іргесі берік болатыны ақиқат.

Тілеуберген БЕКБОЛАТ  
студент

<p><b>Ясауи университеті</b> УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ</p>	<p>Медиа және PR орталығы: журналистер: Эльмира АРТЫҚБАЕВА</p>	<p>Газетті есепке қою туралы №11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.</p>	<p>Газет ЖК «PrintSap» баспаханасында басылды. Мекен-жайы: Шымкент қаласы, Әлімқұлов көшесі №4/16</p>
<p>Газет 1995 жылдан шыға бастады</p> <p>Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</p> <p>Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА</p>	<p>Фото маманы: Нахып ШЫНТЕМІРОВ</p>	<p>Таралу аумағы - Қазақстан Республикасы.</p>	<p>Таралымы: 1000 дана Тапсырыс № 2716</p>
<p>Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 216-кабинет.</p>		<p>Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru</p>	